

**Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 49/423 " Жаңаөзен қаласында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 19/228 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 мамырда № 3591 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 тамыздағы № 47/529 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 24.08.2020 № 47/529 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 49/423 " Жаңаөзен қаласында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3026 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 509 бабының 5 тармағына және 704 бабының 3 тармағына сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік - экономикалық даму, бюджет, құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй және

коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Е.Өтеев).

3. "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Ермұханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*Ғ.Байжанов*

*С. Мыңбай*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңаөзен қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

А.Кетеева

10 сәуір 2018 жыл

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жаңаөзен қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Е.Утеев

10 сәуір 2018 жыл